

## **Веренка ЖНББ мектебінің өзін – өзі басқару «Мектеп парламенті» үйымының 2022-2023 жылдық жұмыстарының есебі**

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Өзін өзі басқару» үйымының жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша іс шаралар уақытылы өткізіліп тұрды. Қыркүйек айында Мектеп парламентінің Президенті сайлауы өтті. Сайлаудың бірінші кезеңіне 3 үміткер қатысып мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары мен мектеп психологі мен сұхбат өткізді. Сұхбаттан окушылар сүрінбей өтіп, сайлауға түсті. Сайлау қорытындысы бойынша 9 – сынып окушысы Дүйсенова Назерке болды.

Өзін өзі басқару үйымының 8 фракция мүшелері сайланды. Окушыларға Өзін өзі басқару үйымының мақсат міндеттері толық түсіндірілді. Эр фракция мүшесі іс шаралар жоспарына арнайы папка жасады. Іс шара жоспарын фотоларын жинақтап отырады.

Окушылардың өзін-өзі басқару үйымының мақсаты:

— қарым-қатынасты ізгіліктендіру; — ұжым өмірін жариялыштыққа, еркіндікке негіздей отырып, окушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау

### **Окушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің өзектілігі:**

— окушылар әрекетінің еріктілігі, жарилылығы, тен құқылышы;

— жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау;

— өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу;

— үйымның өзге мүшелерінің пікіріне құлақ аса отырып ой бөлісу, өзгелер пікірін құрметтеуге төсөлдіру.

### **Окушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:**

— мектеп өмірінің меселелерін шешуде окушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;

— окушылардың өзін-өзі басқару үйымдарының жауапкершілігі;

— окушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;

— окушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі дәістерін пайдалану;

- окушылардың өзін-өзі басқару үйымдарының оңашаландырылуы және жалпыға бірдей тапсырыстарды жүзеге асырудың тығыз байланыстырылышы.

Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы үйым арқылы окушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу жене тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді.


Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің үжымызыда оң нәтижесін беруде. Білім ұясын ізгіліктендіру мен жариялыштың жүзеге асқандығының нәтижелі белгісі әрі шәкірттердің асыға күтетін күні

- «Өзін-өзі басқару күні». Үйым мүшелері бұл күні директордың, директор орынбасарларының және пән мұғалімдерінің орнына қызмет атқарады.

Мектеп президенті кезекті үйым мүшелерімен жиналыс үстінде пікір алысты. З қазан мұғалімдер күніне орай 9-сынып окушыларына мектеп

әкімшлігі және мұғалім қызметтері бөлініп, оқушылар екі ауысым бойынша сабак берді. Сонымен қатар мұғалімдер 1-9 сыныптары болып құрылып, оған сынып жетекшілікке оқушылар тағайындалды.

Мектеп әкімшілігіне Директор, оқу ісінің орынбасары, тәрбие ісінің орынбасары болып оқушылар қызмет атқарды. Мектепті безендеріру. Оқушылар қабырға газеттерін, шарлар мен нақыл сөздер іліп безендірді. Сонымен қатар таңертең 9 сынып оқушылары қолдарына гүл алғып мұғалімдерді қошеметпен қарсы альп өз құрметтерін байқатты. Оқушылардың сол күнгі жауапкершілігі және оны сезінуі, мұғалімнің қызметін түсіне білулері, өте жоғары дәрежеде байқалды. Сабактарға жоғары дайындықпен келген. Әрбір пін мұғалімі өз аты-жөні жазылған бейджиктерді тағып, теменгі сынып оқушыларының сұрақтарына жауап тинақты берді. Мұғалімдерге арналған салтанатты жиынта 9 сынып оқушылары қатысты. «Өзін-Өзі басқару» ұйымының іс-шаралары өз деңгейінде атқарылды.

ДТЖО:  Аманкосов А.Ж.